

Маңғыстау техникалық колледжі

**ҚҰЗІРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҚ КУРС ТЫҢДАУШЫЛАРЫН
ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК
ТЕХНИКА ЕРЕЖЕСІМЕН ТАНЫСТЫРУ ЖУРНАЛЫ**

Мамандығы: 1201000 «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану»

**Маңғыстау ауданы
2022 – 2023 оқу жылы**

Санитарлық гигиеналық ережелері.

Бұл ережелердің мақсаты құрылыс шеберханаларындағы жұмыс жасау кезіндегі адамдар ағзасына зиян келтірмейтін жағдай жасау. Ол үшін мына талаптар орындалуы қажет:

- Жұмыс орнының тазалығы.
- Жұмыс кезінде қорғаныш құрылғыларын қолдану (көзілдірік, респератор, қолғап, құлаққап, арнаулы бөтеңке).
- Құрал жабдықтардың тазалығы.
- Ереже бойынша жұмыс орнында ауа сорғыш терезе, желдеткіш, форточка және жарық болу керек.

Электр қауіпсіздік ережелері.

Шеберханадағы электр қауіпсіздік ережелерін сақтаудың талаптары орындалуы қажет:

- Электр аспабы жерге қосылған болуы керек (заземление).
- Шеберхана ығылдылығы белгіленген нормадан артпауы керек.
- Жұмысты бастамас бұрын электр желілерінің, электр аспаптарының, ток келетін сымның (кабель) ақауларының жоқтығын тексеріп алу керек.
- Жарақаттанған адамды ток көзінен ажырата білу.
- Алғашқы медициналық көмек көрсете білу

Өрт қауіпсіздігі ережелері.

Шеберханада өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында мына төмендегі шарттар орындалуы қажет:

- Өңделген ағаш қалдықтарын жинап алып тұру.
- Электр аспаптарын қосып, ажыратқанда сақ болу.
- Тез жанғыш жадығаттарды (краска, әр түрлі майлар, лактар ж.т.б) пайдалану кезінде.
- Жетісіне бір рет кең ауқымды шеберхана тазалығын жүргізіп тұру керек.
- Жұмыс соңында электр жабдықтарының тоқ көзінен ажыратылғанына көз жеткізу керек.
- Шеберханада өрт сөндіргіш құралдары болуы міндетті.

